

І ТУЫ

ИТЕТІНІ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

сентябрь Сәрсенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйым

Колхозшылардың еңбек өнімділігін арттыру, колхоз өндірісін өсіру, егіншілік пен мал шаруашылығының өнімін молайту негізінде колхозшылардың ақшалай және заттай табыстары (ақшаға балағанда) кемінде 40 процент арттырылсын.

(Партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің 1951-1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі БК(б)П Орталық Комитетінің директиваларының жобасынан).

атан

Қазақ ССР Солтүстік Қазақстан облысы МТС-терінің комбайншыларын, комбайн агрегаттарының қызметкерлерін ордендермен және медальдармен наградтау туралы

**ССР ОДАҒЫ ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ
ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ**

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1950 жылғы 27 апрельдегі Указына сәйкес, майлы дақылдарды және шөп тұқымын жыйнауда және бастыруда 1951 жылы жоғары көрсеткіштерге ие болғаны үшін мыналар наградталсын:

ЕҢБЕК ҚИЗЫЛ ТУ орденімен:

1. **Кейль Герман Михайлович**—Вильяме атындағы МТС комбайншысы, 35 жұмыс күні ішінде «Сталинец—6» комбайнымен жыйналған егіннен 5622 центнер дәнді дақылдар бастырған.

2. **Товкало Яков Кондратьевич** Николаев —МТС комбайншысы, 35 жұмыс күні ішінде С—4 комбайнымен 3482 центнер дәнді дақылдар және 35 центнер тұқымдық шөп бастырған.

«ЕҢБЕКТЕГІ ЕРЛІГІ ҮШІН» МЕДАЛІМЕН

1. **Байбосынов Тілембай Мұқатайұлы**—Петропавл МТС комбайншысы.

2. **Гончаров Анатолий Андреевич**—Вильяме атындағы МТС тракторшысы.

3. **Згура Василий Алексеевич**—Ново-Георгиев МТС комбайншысы.

БК(б)П XIX съезі құрметіндегі бүкілхалықтық социалистік жарыс

★ Съезд құрметіндегі еңбек өрлеуі ★

Бүкіл совет халқы БК(б)П-ның XIX съезін лайықты тартулармен қарсы алу үшін бейбіт еңбек майданындағы жұмыстарының қарқынын барған сайын үдетіп түсуде. Социализм жемістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы — Ленин —Сталин партиясы съезінің шақырылуы —еліміздің еңбекшілерінің өміріндегі аса көрнекті тарихи оқиғаға.

Совет адамдары коммунистік партияға, оның даялшыпқан көсемі ұлы Сталинге шексіз сүйіспеншілікпен берілген. Партияға, көсемге деген жалынды сүйіспеншілік әрбір совет азаматының қажырлы, адал еңбегінен халықтардың саяси моральдық бірлігінен айқын көрініп тұрады. Бұл әрине түсінікті де. Өйткені, Ленин — Сталин партиясы еңбекші халық үшін қызмет етіп, оның мүдделерін қасиетпен жоғары ұстап келеді. Партия дұрыс саясат жүргізуі арқасында Отанымызды аса қуатты социалистік мемлекетке айналдырды, елімізде ташсыз қоғам орнатты, адамды адам қанаушылығын жойды, ішкі және сыртқы жаулардың қастандығынан елімізді аман сақтап қалды. Нелер ауыр сындардан мү-

бесжылдық жөніндегі директиваларының жобасында: «Социалистік жарыстың ұлы күші, жұмысшылардың, колхозшылардың және интеллигенцияның бейбітшілік ісін қорғап қалуға біркөксей ұмтылуы еңбекшілердің коммунистік қоғам орнатуға бел байлауы —жаңа бесжылдықты орындауға және асыра орындауға бағытталуға тиіс» деп көрсеткен нұсқауы, еңбекшілерді еңбекте жаңа табыстарға жетуге жігерлендіреді.

Автозаводтықтардың бастамасына байланысты, С. М. Киров атындағы Минск станок жасау зауытының слесарі Войтехович жолдас барлық еңбекшілердің ойындағы тірі кірін тауып айтты.

—Бүгін біздің арқайсымыз да, —деді ол,—бір ой, бір тілек бар. Ол —партиямыздың XIX съезін еңбек майданында жаңа табыстармен қарсы алу үшін жұмысты көзіргіден де жақсы, әрі өнімді істеу. Мен сменалық нормамды күн сайын үш еседен орындауға, еліме тек мінсіз саналы өнім беруге уәде етемін.

Қарағандының құрметті шахтері, кен мастері Омар Бөкенов жолдас оған үн қо-

лхозшылары. — Жаңа бесжылдық жөнінде партияның директивалары орындалғаннан кейін тұрмысымыз онан сайын аukatты және қуанышты болады. Се- ло еңбекшілері өздеріне аса зор қамқорлық жасағаны үшін партияға және сүйікті Сталин жолдасқа көп-көп рахмет айтуға.

—Партия съезінің бесінші бесжылдық жөніндегі директиваларының жобасында, —деді Магнитогорск металлургия комбинатының атақты стахановшысы Папченко жолдас, —халық шаруашылығын одан әрі өркендетудің зор программасы белгіленген. онда халқымыздың әл-ауқаты мен мәдениетін арттыру жөнінде партия мен үкметтің ұлы қамқорлығы білдірілген. Әрбір совет адамы партияның бұл қамқорлығына Отанымыздың даңқы арта беруі үшін қажырлы еңбекпен жауап беруге ұмтылу да.

Ақ алтынның ордасы Өзбекстан мақташылары да стахановтық вахтаға тұрып, қызу қарқынмен жұмыс істеуде. Әндижан облысының Алтыөл, Ізбаскент, Ходжиаб- бад, Әндижан аудандарының колхоздары XIX съезд құрметіне мақта тиегімен қызыл

социалистік жарыс күндерінде үнемілік тәртібін қатаң сақтауға жетіскен кәсіпорындарының бірі — Петропавл темір жол бөлімшесінің паровоз депосы. Мұнда өндірістің көптеген учасоктеріне шаруашылық есеп батыл енгізілген. Депода әрбір паровоздың әрбір сапарына арналып өндірістік финансы жоспары жасалған. Ол жоспарларда бір сапарда шығатын шығындар мен кірістер толық есептеледі. Мәселен, бір паровоз сапарға шығын қайтқанда оның жағатын отынына сол сапарда шығатын шығынның 40 проценті кетеді. Осындай жағдайда жоспарлы түрде сапарға шыққан машинист өзінің әрбір жолы қандай пайда келтіргенін уақытылы есептеп ала алады. Сондықтан да істе кездес-

етіл күрес жүргізулері керек. Ол үшін егерізінен өнімнің өзіндік бағасын кемітуге және материалдар мен шикі заттардың мейлінше ұқыпты жұмсалыуына, еңбектің дұрыс ұйымдастырылуына жете назар аудару қажет. Үнемілдік тәртібін қатаң сақтау шаруашылыққа басшылық етудің социалистік әдісі болып табылатындығын ешқашан да естен шығаруға болмайды.

Облыс кәсіпорындарының жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілері үнемілдік тәртібін қатаң сақтай отырып, партиямыздың XIX съезіне өндірістік лайықты тартулар әзірлеу үшін социалистік жарысты өрістете берулері керек.

Молдавияның тамақ өнеркәсібінің өрлеуі

ҒИШИНЕВ, 15 сентябрь. (СОТА). Мың деген консерві жасаушылар мен шарал жасаушылар, май және қант заводтарының жұмысшылары БК(б)П XIX съезінің құрметіндегі вахтаны аброймен алып келеді.

Молдавия республикасындағы ең ірі Бірінші Май атындағы консерві заводының коллективі 5 октябрге дейін жоспардағы 100 мыңдаған банк консервтер әзірлеуге міндеттеме алған еді. Бүгін заводтың конвейерінен міндеттеменің есебіне берілген өнімнің ақырғы партиясы шықты. Тамақ өнеркәсібі Молдавияда шаруашылықтың үлкен тарауына айналды. Ол рес-

публиканың өнеркәсіп өнімінің 70 процентін береді. Бесінші бесжылдық ішінде өнеркәсіптің бұл тарауы бұрынғыдан да дамып отырады. Әсіресе, ерекше назар консерві өнеркәсібіне бөлініп отыр. Соңғы жылдарда республикада бұрынғы кәсіпорындары ұлғайтылып, қалпына келтірілді. Вендерах, Калараш және басқа қалаларда жаңадан заводтар салынды. Өнім шығаруды екі есе арттыра түсуге мүмкіншілік беретін жаңадан үш консерві заводының құрылысы басталғалы отыр. Шарал жасау кәсіпорындарының құрылысына жақын жылдарда 400 миллион сом қаражат ұстау жоспарланып отыр.

А. Н. РАДИЩЕВТИҢ ҚАЙТЫС БОЛҒАНЫНА 150 ЖЫЛ ТОЛУ ҚАРСАҢЫНДА

ТБИЛИСИ, 15 сентябрь. (СОТА). Қала жұртшылығы орыстың ұлы жазушысы, революционері және философы А. Н. Радищевтің қайтыс болғанына 150 жыл толуына атап өтуде. Грузияның совет жазушылар Одағы жазушыны еске түсіруге арналған кеш ұйымдастырады. Пушкин атындағы педагогикалық институтта жазушыға арналған ғылыми сессия өткізіледі. Сталин атындағы университеттің орыс әдебиетінің тарих кафедрасының ашық мәжілісінде

«А. Н. Радищевтің реализмі», «А. Н. Радищевтің шығармаларын грузин тіліне аударуға байланысты» деген тақырыптарда баяндамалар тыңдалынады.

Карл Маркс атындағы мемлекеттік кенешілік кітапханасы ұлы жазушы — революционердің өмірі мен творчествосына арналған көрме әзірлеп жатыр. А. Н. Радищевтің «Петербургтан Москваға сапар шегу» және басқа шығармаларын грузин тіліне аудару жұмысы аяқталды.

туралы

ССРО ОДАҒЫ ЖОҒАРҒЫ СОВЕТИ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1950 жылғы 27 апрельдегі Указына сәйкес дәнді, майлы дақылдарды және шөп тұқымды жыйнауда және бастыруда 1951 жылы жоғарғы көрсеткіштерге ие болғаны үшін мыналар нағарталсын:

ЕҢБЕК ҚЫЗЫЛ ТУ ОРДЕНІМЕН

1. Плец Франц Францович — Числяк МТС комбайншысы, 35 жұмыс күні ішінде «Сталинец—1» қос комбайнмен жыйналған өгіннен 9314 центнер дәнді дақылдар бастырған.

2. Рескинский Павел Иванович — Калинин атындағы МТС комбайншысы, 35 жұмыс күні ішінде «Сталинец—1» қос комбайнмен жыйналған өгіннен 8685 центнер дәнді дақылдар және 58 центнер тұқымдық шөп бастырған.

«ЕҢБЕКТЕГІ ЕРЛІГІ ҮШІН» МЕДАЛІМЕН

1. Падалтко Валентин Иванович — Калинин МТС комбайншысының көмегішісі.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі. Н. ШВЕРНИК.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары А. ГОРКИН.

Москва, Кремль,
1 сентябрь 1952 жыл.

ЖҮЗМЫҢШЫ ШОФЕРЛЕР

СЕМЕЙ. (КазТАГ). Облыстық «Союззаготтранс» тресінің Аягөздегі бірінші автоколоннасының қызметкерлері партияның XIX съезін еңбек табыстарымен қарсы алуға әзірленуде.

Автоколоннаның 160 шофері өз автомашиналарының жүз мың километр жол жүруін қамтамасыз етті. Шоферлердің барлығы бірдей шапшаң сапар шегіп көптеген жанармай үнемдеуде. Жүз мыңшы шофер Павел Бутов август айындағы тапсырмасын 3 есе асыра орындады. Бір ай ішінде үнемделген бензинмен ол қосымша 500 километр жол жүрді. Жүз мыңшы шоферлер Артем Гредасов, Михаил Иванов, Петр Стаценко, тағы басқалары октябрь айының есебіне жұмыс істеуде.

съезі құрметіне еңбек вахтасын атқаруда. Паровоз депосының коллективі зор өндірістік өрлеумен еңбек етуде. Цех жыйналысында сөз сөйлеген паровоз машинисі коммунист Невзоров былай деді:

— Ленин — Сталин партиясының XIX съезі құрметіне біздің бригадамыз сентябрь айында ауыр салмақты 5 поезд жүргізуге, отынның 5 процентін үнемдеуге, техникалық шапшаңдық нормасын 1 километр асыра орындауға міндеттенген еді.

Невзоровтың бригадасы өз міндеттемелерін аброймен орындауда. Бригада күн сайын техникалық барлық өлшеуіштерді асыра орындауда.

Машинистер Хитуншко, Тетеркин, Михеев, Францев жолдастардың бригадалары партияның XIX съезі құрметіне стахановтық вахтаға тұрды.

тұрып, «Сталин жоғары техника Осы арқылы е науға жетісіп күніне 12 гект жердің өгінін тек бастырады Комбайншы да осыны айт өгін орағы бой қа қосып, стахан көрсетіп жүр. не артығымен ісі.

Астық тазар айтарлықтай. Істейді. Қайырт мерденева сыя норманы үнемі гендердің бірі-



Днепропетровск облысы. Роза Люксембург атындағы кісілік зал, кітапхана, оқу залы, кинолекторий, үйірме жүйесі. СУРЕТТЕ: Жаңадан салынған Мәдениет сарайының көрінісі.

Р М Ы С Ы

саяси баяндамалар

саяси-бұқара-байланыстырды. Жолдас баяндамасының табиғи баяндама бұқараның ұсыныстарымен

байланысты. Бұл тәртібіне Ол Шмельков аң саяси тақы-мунистер бай-андады. Баян-12 коммунист

р эт-консерві өресі, жас саяси-тәртіп ұйымдастыры-а. Коммунист

тарда социали-де түсінік жү-жүргізілетінін, дуктылар мен ізге салушы-т қылықтарға ілмай отырға-

дастар партия келген жас ы жеткіліксіз ар жас жұмыс-лардың кезле-ұсынды. Ком-саяси тақы-жиі оқудың

сы комбинат саяси-тәртіп-ртү жөнінде қаулы алды. социалистік алу жөніндегі н тые қаза

лістік меншілік—советтік қоғамның экон-микалық негізі, Отанымыздың байлығы-ның, еңбекшілердің ауқатты және мәде-ниетті тұрмысының қайнар бұлағы» деген тақырыпта мәселе талқылауы ұсынды. Бұл мәселе жөнінде партия бю-росының мүшесі Неделько жолдас баяндама жасады.

Бұл жыйналыста жоғары аталған жыйналыс сыяқты коммунистердің әр-белсенділігімен өтті. Жыйналыста өз-сөйлеген коммунистер техниканы өнімді пайдалану, өнімнің сапасын жақсарту жөнінде бағалы ұсыныстар жасады. Со-бымен бірге, коммунистер партия, кәсіп-одақ және комсомол ұйымдарынан коллек-тив мүшелері арасында әрбір бригада, цех бойынша социалистік меншікті сақ-тау жөнінде әңгімелер өткізуге ұсыныс жасады.

Партия бюросы және цех партия ұйымдары партия жыйналыстарының қаулыларын орындауды ұйымдастырды. Соңғы екі айда социалистік меншікті сақтау, коммунистік мораль жөнінде жұ-мысшылар мен қызметшілер үшін әңгіме-лер өткізілді; баяндамалар жасады. Өн-дірістік кеңестер өткізілді.

Партия жыйналысында саяси баяндама ұйымдастыру мәселесі өзінің тиісті нәти-жесін беруде. Кәзір комбинатта соци-алистік меншікті сақтау мәселесі айтар-лықтай жақсарды. Мемлекеттік меншік-ке суық қолдарын сүгушыларға қарсы күрес күшейді. Өнімнің сапасы жақсарды.

Бастауыш партия ұйымдары өздерінің жыйналыстарында партия жұмысының, әдетті практикалық мәселелерімен бірге, саяси баяндамалар жасау әдісін жиі қол-данулары керек. Мұның өзі коммунистер-дің белсенділіктері арттырады, олардың саяси шынықтырады.

С. ВИНОГРАДОВА,

ҚК(б)П қалалық комитетінің партия,

Коммунизмнің ұлы құрылыстары жөніндегі жаңа библиографиялық картотека

Қазақ ССР Ғылым академиясының орта-лық ғылыми кітапханасы коммунизмнің ұлы құрылыстарына арнап жаңа картоте-ка жасауды аяқтады. Картотекаға Еділге, Амударияда, Днепрде салынып жатқан коммунизмнің ұлы құрылыстары туралы жазылған барлық кітаптар мен газет, жур-налдарда жарияланған мақалалар, тағы ба-қа материалдар енгізілген. Картотекада барлығы 3 мыңнан аса түрлі мақалалар мен кітаптардың аттары бар. Картотека табиғатты өзгерту, ұлы құрылыстар ау-данларында экономиканы өркендету және солармен байланысты нақтылы міндеттері айқын көрсетеді. Картотека материалдары ғылыми жұмыс келтірілген, әрбір ғылым-өз мауылығы жөніндегі құрылыс мәселесі-нен табылған проблемаларды көп іздемей-ақ тез тауып ала алады. Картотека мен Алматының және Қазақ ССР Ғылым ака-демиясының басқа жерлердегі ғылыми-зерт-теу базаларының ғылымдары мен маман-дары пайдаланады.

Кәзір Орталық ғылыми кітапхана Еділ—Жайық каналы туралы материалдардың библиографиялық көрсеткішін баспаға әзір-леуде. Бұл көрсеткіште каналдың табиғат жағдайлары, халық шаруашылығы тура-лы негізгі ғылыми әдебиет және гидротех-никалық құрылыс мәселелері жазылды.

Қазақ ССР Ғылым академиясының орта-лық ғылыми кітапханасы коммунизмнің ұлы құрылыстары жөніндегі жаңа ғылыми әдебиет туралы ай сайын информациялық бюллетень шығарып тұрады.

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Өскемен СЭС-інің құрылысшылары қажырлы еңбек етуде. Құрылысшылардың қажырлы еңбегі —об-лыстың «Бодышевск Алтая» газетінде шы-тармалары басылып келе жатқан жас құ-рылысшылардың шығармаларының тақы-рыптары, міне осы.

Шофер Лидия Баклакованың бір өлеңі «Құрылысшылардың даңқы арта берсін»

БК(б)П ның XIX съезіне лайықты табыстармен келейік



Кәсіпорындардың жұмысшылары партияның XIX съезіне лайықты тартулар әзір-леуде.

СУРЕТТЕ: 1. Петропавл шойын кую таразы заводының үлгі құюшысы Сұлтан Жуенов жолдас. Ол сменалық нормасын үнемі ұшжарым есе артығымен орындайды. 2. Шағын двигательдер заводының болат балкытушысы —коммунист М. Дорфман жолдас. Ол күніне үш нормадан орындап, ақаусыз жұмыс істеуге жетісіп жүр. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Жолды пайдаланудың мүмкіншіліктерін арттырайық

Макушино участогінің диспетчері Ро-дин жолдастың бастамасын қолдай оты-рып, өз сменаның коллективімен бірге жылдамдатылған әдіспен поездарды жөнел-тіп отыруға тырыстым, сөйтсін, жолдар-ды пайдаланудың санын арттырып, ста-цияға келген поездарды тоқтаусыз қабыл-дан отыратын таразыға өтім келеді. поезды қабылдауға бас кондукторға нұ-қау беремін. Міне, осылайша техникалық контордың қызметкерлерін, ақауды жою жөніндегі таразышыларды іске жұмылды-рып әзір отырамын. Менің жұмысыма осындай әдіс өзінің жақсы нәтижелерін берді. 1952 жылдың бірінші тоқсанында мен басқарған сменаның коллективі шап-

тап қаулының орындалуын ұйымдастыру жөнінде партия ұйымы қандай жұмыстар жүргізіп отыр, осыған тоқталайық.

Дұрысын айту керек, біз «Гигант» колхозында болып, партия жыйналысының қаулысы жарық көрмей, архивке тігілуінің куәсі болдық. Рас, колхоз партия ұйымының секретары Мамлыға жолдас партия жыйналысы өткен күннің ертеңіне егін бригадаларының бірінде болып, ондағы колхозшылармен, механизаторлармен жаңа бесжылдықтың жоспары жөніндегі директивалар туралы бір рет әңгіме өткізген көрінеді. Бұл әңгімелерге қатысқан колхозшылар мен механизаторлар Ленин—Сталин партиясына деген шексіз сүйіспен-

сінің тізінде формальді түрде өскендігі болмаса, колхозшылар арасында ешқандай үгіт-бұқаралық жұмыстарын жүргізбейді. Үгіттің Киян жолдас басқаны айтпағанда өзі съезд алдындағы материалдар жарияланған газетті күні бүгінге дейін оқымаған көрінеді.

Мал шаруашылығында ондаған таңдаулы колхозшылар жұмыс істейді. Олар егін шаруашылығындағы колхозшылар сияқты, ССРО-ның ішкі және халықаралық жағдайын, совет адамдарының съезд құрметіндегі социалистік жарыста қажырлы еңбектерін кезінде өстіп, білгісі келеді. Сондай-ақ, мал өсірушілер өз жұмыстарына сын көзімен қарап, істегі кемшіліктерді бағыл-

ақ жұртпен бірге аңғарып отыра алады. Бұл міндетті ойлағандай орындау үшін бастауыш партия ұйымы ең алдымен, үгітшілермен жұмысты жақсартуы қажет. Әрбір үгітші үкмет пен партиямыздың қаулы-қарарлары мен саясатын жете біліп, өз участоктерінде үкемі дауыстан газет оқу, әңгіме өткізу және саяси үгіттің басқа түрлерін кезінен өрістету арқылы колхозшылар бұқарасын жаңа бесжылдықтың міндеттерін ойдағандай шешу күресіне жұмылдыра білулері керек. Кәзіргі ауыл шаруашылығының алдында тұрған өскелең міндеттер бастауыш партия ұйымы мен үгітшілерден осыны талап етеді.

Қ. САЛИН.

Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын өркендетудің жаңа қорларын ашайық

ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі партияның XIX съезі директиваларының жобасын талқылауға арналған Қазақ ССР Ғылым академиясының экономика институты бастауыш партия ұйымының жыйналысы жоғары идеялық және саяси дәрежеде өтті.

Жыйналыста өнеркәсіп экономикасы бөлімінің меңгерушісі экономика ғылымдарының кандидаты Г. Алексеев сөз сөйлеп, Отанымыздың экономикалық қуатын одан сайын нығайта беруде жаңа бесжылдық жоспардың маңызы зор екендігін атап көрсетті. Жаңа бесжылдық жоспар жөніндегі директивалардың жобасы бүкіл дүние жүзіне социализмнің ұлы өмірлік күшін, капиталистік системаға қарағанда шаруашылықтың социалистік системаның орасан артықшылығын көрсетеді. Республика өнеркәсібінің өркендеу мүмкіншіліктеріне тоқтай келіп, Алексеев жолдас былай де-

ді: кәзіргі жағдай бойынша су электр станциялары, құрылыс материалдары өнеркәсібінің кәсіпорындары, автотранспорт және тұрғын үйлер қоры әртүрлі ведомстволардың қарамағында келеді. Бұл — жоспарлық қиындатады, механизмдер мен жабдықтардың қуатын толық және тиімді пайдалануға мүмкіндік бермейді. Коммунист Алексеев партияның XIX съезі директиваларының жобасын арнаулы пунктпен толықтыруға ұсыныс жасады. Бұл пункт бойынша барлық бу электр станцияларын, құрылыс материалдары өнеркәсібінің кәсіпорындары, бүкіл автотранспорт және тұрғын үйлер қоры әртүрлі ведомстволардың қарамағынан жергілікті совет ұйымдарының қарамағына берілуге тиіс.

Институттың халық шаруашылығы тарихи бөлімінің меңгерушісі экономикалық ғылымдардың кандидаты Г. Чуланов 93 сөзінде Қазақ ССР халық шаруашылығын

оқан сайын өркендету перспективалары туралы айта келіп, съезд директиваларының жобасында Маңғыстау түбегін өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы жағынан кеңінен меңгеруді бастау және Жезқазған — Арал теңізі темір жолын салу қажеттігін көрсетуді ұсынды.

Институт директорының орынбасары экономика ғылымдарының кандидаты Н. Ерофеев партияның XIX съезіне әзірлікке байланысты экономика институтының алдына қойылатын жаңа міндеттер туралы айтты. Ол директивалар жобасына Орталық Қазақстанда ССРО-ның үшінші көмір-металлургия базасын жасау тұрғын пункт қосуды ұсынды.

Жыйналыста сонымен бірге кіші ғылым қызметкерлер В. Студеликин, Е. Сиволов, аспиранттар, Л. Рахлис, М. Донухов жолдастар сөйледі.

(ҚазТАГ).

АСТЫҚ — МЕМЛЕКЕТКЕ

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Тарбағатай ауданының егіншілері партияның XIX съезіне жақсы тарту әзірледі. Олар Шығыс Қазақстанда бірінші болып мемлекетке астық тапсырудың жылдық жоспарын орындады. Қабылдау пункттеріне былтырғыдан

мыңдаған пұт астық артық тапсырылды. Тарбағатайлықтар кәзір зияб жырту жұмысын қызу қарқынмен жүргізуде.

Шемонайхы ауданының колхоздары да мемлекетке астық тапсырудың жылдық жоспарын орындады. Мемлекет алдындағы

міндеттемені мерзімінен бұрын орындау — жұмыстарды кеңінен механикаландырудың озат колхоздардың егін жыйнауда үздіксіз әдісті қолдануының нәтижесі. Ауданда барлық егіннің 90 проценті комбайндармен жыйналды.

орындады.

Теңіз балықшылар одағының «Красная армия» балықшылар артели балықты ойдағандай аулауда, бұл артель төксандық тапсырмадан тыс көптеген балық тапсырды. Бисенғалиевтің званосы ауа райының жағдайы қандай нашар болса да, теңізге шығып, арқашан да көптеген балық аулап қайтады.

Облыс колхоздарының ондаған балықшылар звенолары төксандық жоспарын орындады.

МАЛ ҚОРАЛАРЫН САЛУДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚ

ҚЫЗЫЛОРДА. (ҚазТАГ). Кызылорда облысының колхоздарында кәзір құрылыс маусымының ең қызу кезі. Ормансыз далада тұратын колхозшылар жергілікті құрылыс материалдарын кеңінен пайдаланып, құрылыстың жаңа әдістерін қолдануда. Қармақшы ауданындағы Молотов атындағы колхоздың малшылары жеңіл, берік қамыстардан қой қорасын салуға кірісті. Колхоз председатели Нурманбаев жолдас бұл жаңалықты едәуір жетілдіріп, бұрын қой қорасын салу үшін, оның асты тереңдетіліп қазылатын, сондықтан қора үкемі саз болып тұратын. Кәзір қой қорасының орнын шұңқырлап қазу орнына, оның астына төсек төселеді. Кәзір қамыстан тек қой қоралары ғана емес, сонымен бірге жылқы қоралары, сыйыр қоралары да салынады.

Кызылорда колхоздары жыл аяғына дейін жергілікті құрылыс материалдарынан ондаған мал қораларын салады.

ЖЫЛДЫҚ ЖССПАРДЫ ОРЫНДАДЫ

«Охотник» кәсіпшілік артелинің коллективі жылдық өндірістік жоспарды артығы мен орындады. Коллектив мүшелерінің ішінде Гатырев, Антонов, Фурсов, Калугин жолдастар күнделікті тапсырманы 160—200 процент орындап, көрнекті табыстарға ие болды.

Артель коллективі бірінші жартыжылдықтың жұмысына қорытынды жасап келіп, жыл аяғына дейін жоспардан тыс 80 мың сомның өнімін беруге міндеттенді.

Қ. ҚАЙЫРКИН.
Преснов ауданы.

қытта техникаль

Жыйнақт

Станциядағы қаламауы техникалерінің ұйымшы

Поездарды дұр жұмысын қамтамды жұмыстау жөіс жүзінде қолданы мен маневр, көмектесіп жұрм

Мен өз еменациясының жұмыдаймын. Бұл әр уақытты азайтудымен қатар А. нова жолдастард мінсіз жоғары сә өту жөніндегі әд мьн.

Станцияға кез гат бұрын келем се қызметкерлері болған документ даймын да тиіст ғына қағаз жазы қызметкерлерінің жолындағы қалд беріп, жол бойы

Жуырда шағы физкультурашылар күрмегіне жеңіл бірінші орын ал рыстар өткізді. қатысты. Әрбір лар коллективі дайындап шыға

Еңалдымен, 8 қашықтыққа жү 1500 метрлік ж цехының, 3000 калық цехтың ра ие болды.

Бірінші күнг

арлық жағынан ленейік

ақаттықтың салдары

ауданының Ча-
да мал азығының
жеткіліксіз болуы
пығынға ұшыра-
е күйсіз шықты.
хоз басшылары
көне мал қорала-
ыстарын дерезеп-
метатуға әзірлік-

статуға әзірлік
лығы болған кем-
айталанып отыр.
толық дәлел бола-
был колхозда
айындалуы керек
е дейін небары 2
ындалды. Дайы-
сөбі мал қыстай-
тасылып алын-

мысында тек бір
кең алымды шөп
жүр. Оның өзі
рындамайды. Шөп
ері жұмыс уақы-
ды. Олар ұзақ
көзеді.

л елеулі кемші-
отыр деуге бол-
мнөп дайындау,
жұмыстарына же-
барақаттыққа са-
бу жұмысын бас-
ыгадир Арбағү-
гіне жауапсыз қз-

бері пішеншілер
емес. Пішеншілер
тібі нашар, жү-

мые кеш басталып, ерте аяқталатын бо-
лып жүр.

Колхозда мал қораларын жаңадан салу,
бұрынғы қораларды жөндеу жұмысының
қарқыны да өте баяу. Мұнда тек сыйыр
қорасы жөндеуден өткізілді. Жаңадан са-
лынута тиісті сыйыр, қой және бұзау
қораларының құрылыс жұмыстары қолға
да алынған жоқ. Кейбір қоралар қыс-
қы мал қыймақ тазартылмаған күйінде
тұр.

Мал қораларын салуға керекті 40 тек-
ше метр ағаш материалы әлі күнге та-
сылмай, далада жатыр. Оның біразы кү-
зеттің жоқтығынан талан- таража түсу-
де. Құрылысқа керекті бұдан басқа да
материалдар жеткіліксіз. Құрылысшылар-
ды қажетті материалдармен қамтамасыз
етуді колхоз басшылары ойламай жүр.

Колхозшылардың жалпы жыйналысы-
да құрылыс бригадасын тұрақтандыру,
олар арасында еңбек ұйымдастыру ісін
жақсарту шаралары белгіленіп, қаулы
алынды. Алайда, колхоз басшылары әл
қаулының орындалуына басшылық етпей
отыр. Колхоз басшыларында «мал қора-
сын салу, жөндеу, жемілеп дайындау жұ-
мыстарын егін орағынан кейін де үлгере-
міз» деген зиянды пікір бар.

Колхоз басшылары бұл кемшіліктерді
дереу жойып, қоғамдық малды құнарлы
азық, жайлы қоралармен қамтамасыз ету-
лері керек. Мал азығын дайындау, мал
қораларын жаңадан салу және жөндеу
жұмыстарына кезек күттіруге болмайды.

Қ. ЖҰСЫПОВ.

Октябрь ауданы, Чапаев
атындағы колхоз.



СУРЕТТЕ: Ленин ауданының орталы-
ғы — Явленка селосында В. И. Ленин
скульптурасы.

Суретті түсірген А. Розенштейн

Сенбілік

Қызыл жалау желбіреп,
Тігілген қостың басына,
Сенбілік күні ертерек,
Колхозшылар асыға.

Лек-легімен колхоздан,
Сенбілікке ағылды.
Дала торғын жамылған,
Көк орай шалғын шабынды.

Топталған қыз бен жігіттер
Звенюға бөлінді.
Әзіл, айтыс айнала,
Болып кетті көңілді.

Хош иісті гүлдерін,
Жел желпиді күбірлеп.

Ипподромдағы байқаулардың маңызы жөнінде

Жылқы заводтарының, колхоздар мен
совхоздардың асыл тұқымды жылқы фер-
маларының жылқыларын жан-жақты бай-
қаудан өткізу жөнінде ипподромдарға үл-
кен міндеттер жүктеледі. Мұнда асыл тұ-
қымды жылқылардың жұмысқа жарамды-
лығы ғана емес, сонымен қатар, оның өсу
барысы байқалады, жас жылқылардың ар-
наулы жағдайларда өсірілуіне ерекше кө-
ңіл бөлінеді.

Ипподром жылқылардың сапасын: кү-
шін, жүргіштігін, төзімділігін байқау жө-
ніндегі арнаулы бір лаборатория болып қа-
былады десе де болады.

Күн санап өсіп келе жатқан советтік
зоотехникалық ғылым жылқылардың сапа-
ларын анықтау жөнінде ипподромдардың
алдына маңызды міндеттер қояды. Дұрыс
жаттықтыру және үздіксіз байқау жылқы-
лардың бүгінгі талаптарға сай өсуіне жа-
дай тұрғызады. Солай бола тұрса да, жекеле-
ген шаруашылықтарда ипподромдағы бай-
қауларды әлі күнге дейін қызықты көзі-
ніс деп қана есептеу сияқты зиянды пі-
кірлер орын алып келеді. Көптеген шар-
уашылықтардың басшылары ипподром жұ-
мыстарын жылқылардың сапа көрсеткіш-
терін жақсарту жөніндегі зоотехникалық
шаралар деп есептемейді.

Облысымызда 218 жылқы фермасы бар.
Олардың 17-і асыл тұқымды фермалар.
Алайда, ипподромға байқаудан өткізу үшін
жылқы өте аз өкелінеді. Сондықтан да
жылқы шаруашылығының тұқымын асыл-
дандыру жөніндегі жұмыс облысымызда
әлі өз дәрежесінде болмай келеді.

Үкметіміз жыл сайын жылқыларды бай-
қаудан өткізу үшін көп қаржы босатады.
Сөйтіп, колхоздар мен совхоздардың жақ-
сы жылқыларын көбейтуге және оның ба-
ғалылығын арттыруға мүмкіншілік жасап
келеді.

Ленин, Преснов аудандары колхоздары-
ндағы асыл тұқымды фермалардың жылқы-
лары байқаудан өткізілмеді. Осының сал-
дарынан бұл аудандардағы көптеген кол-
хоздардағы жылқылар өзінің тұқымдық
жақсы сапаларын жойып алды.

Еліміздің селекционерлері, колхозшыла-
ры мен мамандары көптеген жоғары өнім-
ді ауыл шаруашылығы малдарын өсірді.
Қысқа мерзім ішінде малдардың жаңа тұ-
қымдары жасалды. Сол сияқты, жергілік-
ті жағдайларға төзімді келетін зоналық
тұқымдар өсіру жөнінде жұмыстар жүргі-
зіліп жатыр.

Жас малдарды өсіру үшін арнаулы ал-
дың-ала жаттықтыру пункттері ұйымда-
стырылуда. Ол пункттерде қажетті құрал-
саймандар бар, жаттығу жұмыстарын ма-
мандар басқарады. Мұндай пункттер біздің
облысымызда Конюхов ауданындағы Мола-
тов атындағы, Ленин ауданындағы «Но-
вый путь», Полудель ауданындағы «Про-
гресс», Преснов ауданындағы «Трудовой
гурток», Соколов ауданындағы «Путь
Ленина» колхоздарында ұйымдастырылды.

Байқаудан өткізу және жаттықтыру
үшін, әресе, жас жылқыларды іріктеп
алу керек. Алдың-ала жаттықтырудың ой-
дағыдай болуы көбінесе жас жылқының
өсу дәрежесіне байланысты. Сондықтан,
әресе, жас жылқыларға күтім жасау ісіне
ерекше көңіл бөлген жөн.

Жас жылқыға күтім жасағанда мейлін-
ше ұқыптылық қажет болады. Асау жыл-
қыларды байыптылықпен үйрету керек.
Үйрету кезінде жылқыны қорқыту, ұру
оны асаулыққа ғана соқтықтыруы мүмкін.
Жылқы тәрбиелеушілердің жиі-жиі ауыс-
тырылуы жүйріктердің мінездерінің де өз-
геріп отыруына әкеліп соғады. Сондық-
тан, арнаулы біртөп жүйріктерді бірыңғай
бір маманға бекітіп беріп, жаттықтыру
жұмыстарын жүргізіп жөн.

рысы дәл осындай. Аталған қолхоздардың әрқайсысы 400—500-ден қой қырықты. Олар қырқылған жүнді бірден мемлекетке тапсыруда.

Ж. БӘКЕНОВ.

мол дайындалуда. Қолхозшылар жемшөп дайындауда қажырлы еңбек етіп жүр. Бұл қолда бар күш-мүмкіншілікті сарқылмай пайдаланып келеді. Шабылған шөп осы

қолда осымен қол керек етіп күрделі жұмыстар механикаландырылады. Бұл жұмыстар қазірден бастап қолға алынды.

Е. БАШИНОВ.

Мал қыстатуға үлгілі әзірленудеміз

Қолхозшылар партияның XIX съезін шақыру туралы хабарды зор қуанышпен қарсы алды. Олар съезд құрметіне барлық ауыл шаруашылық жұмыстарын ойдағыдай жүргізуге, сөйтіп социалистік ауыл шаруашылығын өркендетуде күрделі табыстарға жетуге міндеттенді.

Мал қыстату — мал шаруашылығын өркендетудегі ең жауапты кезек. Малды қыстан күйлі және шығынсыз шығару үшін оны қыстық жемшөппен, жылы, жарық қоралармен жеткілікті қамтамасыз ету керек. Осыны жете ескере отырып, біз мал қыстатуға қазірден бастап тыңғылықты әзірлік жүргізудеміз.

Мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттыру ең алдымен жемшөптің берік қорын жасауға байланысты. Осыған сәйкес мал азығын мол дайындаудың жолдарын қарастырып келеміз. Жемшөп дайындау егін орағымен бірдей жүргізіледі. Қазіргі уақытта бір трактор агрегатымен, бір өздігінен жүретін кең алымды шөп машинасымен пішен шабылып жатыр.

Пішеншілер мал азығын дайындауды жедел қарқынмен жүргізіп келеді. Бұл жөнінде, әсіресе, машинистер айтарлықтай еңбек етіп жүр. Мәселен, Н. Мухин жолдас кең алымды шөп машинасымен күн сайын 25—30 гектар жердің пішенін шабады. Күндік норманы артығымен орындау машинистің дағдылы ісіне айналды отыр. Өздігінен жүретін кең алымды шөп машинасының машинисі А. Бруц жолдас та күндік нормасын асыра орындайды. Жұмыс уақытын тиімді пайдалана және өз машинасын үдіксіз жұмысқа қоса отырып, ол күн сайын 35 гектар жердің пішенін шауып жүр.

Шабылған шөп іле-шала жыйналып, маяға салынады. Шөп шабу, жыйнау және оны маяға салу жұмыстары арасында

алшақтық жоқ. Маяшылар съезд құрметіне еңбек өнімділігін еселеп арттырып, шөп маялау жұмыстарын жедел жүргізуде. Біз мұнымен де қанағаттанбаймыз. Міндет — дайындалған мал азығын қыстаулар жанына тасып алу. Бұл жұмысты осы бастан қолға алдық. Мақсат — дайындалған мал азығының денін жерқарада мал қоралары жанына тасып алу. Бұл міндетті мүлтіксіз жүзеге асыру үшін шөп тасуға ат-арбаларды жеткілікті бөлдік. Шөп тасушыларға күндік және бескүндік норма тағайындап бердік. Қазіргі уақытта шөп тасушылар жұмысты өнімді істеуде. Олар күн сайын мал қоралары жанына жүздеген центнер шөп тасыйды.

Мал азығының кемінде біржарым жылдық қорын жасау мақсатымен егіннің сабаны мен мекенін толық пайдаланамыз. Егін орнының сабаны түгел жыйналып, маяға салынады. Барлық мал азығымен бірге сабан мен мекенді де қыстаулар жанына тасып аламыз.

Мал қыстатуға әзірліктегі күрделі жұмыстың бірі — малды жылы қоралармен жеткілікті қамтамасыз ету. Бұл жөнінде қазірдің өзінде бірқатар жұмыстар істелді. 9 мал қорасының 7-і толық жөнделіп болды. Қалғандары таяу күндердің ішінде түгел жөндеуден өтеді. Қоралардың барлығы дерлік саналы жөндеуде. Өткен жылғы кездескен кемшіліктерді ескере отырып, сыйып төл тұратын қораларды үлгілі жөндеуден өткіздік.

Жаңадан мал қораларын салу да тыңғылықты жүргізіліп келеді. 150 ірі қара мал сыятын бір үлгілі қора салынып болды. Мұнымен бірге, 100 шошқа, 80 жылқы тұратын қоралар салынып жатыр. Бұл қоралар қазір негізінен аяқталып қалды.

Мал қораларын салу, жөндеу жұмыстарының жедел қарқынмен жүргізілуі тұрақты құрылыс бригадасының үдіксіз және өнімді жұмыс істеуінің арқасы. Құрылыс бригадасы бүкіл жаз бойына жұмыс істеді. Мұның нәтижесінде біз жоғарыдағыдай құрылыс жұмыстарын тез және тыңғылықты жүргізуге жеттік. Осымен бірге мал қораларын салуға және жөндеуге мал өсірушілер де қатысты. Сөз жоқ, бұл да мал қораларын тыңғылықты әзірлеуге қолайлы жағдай туғызды.

Мал қыстатуды үлгілі өткізу тетігі — мал өсіруші кадрлардың қолында. Малдың ұдайы жоғары күтімде болуы, сөйтіп, оның қыстан шығынсыз шығарылуы малшылардың өз ісін жете біліп, оны тыңғылықты жүргізуіне байланысты. Осыны жете ескеріп, әрбір мал фермасына мал өсірушілерді жеткілікті бөлдік. Олардың басым көпшілігі мал жайын жақсы білетін, бұл жұмыста бірнеше жыл істеген қолхозшылар.

Партияның кезекті съезі қарсаңында мал қыстатуға әзірлік жұмыстарын тыңғылықты жүргізіп, мал шаруашылығында жаңа табыстарға жетеміз. Мақсатымыз — жыл аяғына дейін мал өсіру жоспарын артығымен орындау. Жылқы және шошқа өсіру жөніндегі жоспарды қазірдің өзінде артығымен орындадық. Осы сыяқты, ірі қара мал және қой өсіру жөніндегі жоспарды да 1 октябрге дейін толық орындаймыз. Әрбір түлікті төл есебінен өсіреміз. Мал шаруашылығындағы қол жеткен табыстарымыз — партияның XIX съезін тартуымыз болады.

К. ПЕТРЕНКО.

Полудень ауданы, Сталин атындағы қолхоздың председателі.

Игібай ӘЛІБАЕВ.

Орындалған арман

Отанымыздың жүрегі, еліміздің еңбекшілерінің сүйікті астанасы — Москвада біздің Октябрь ауданының бірнеше жасары жоғары оқу орындарында оқыйды.

Мәселен, Тау-кен институтында Е. Дегманов, Б. Ақпанов т.б. басқа жолдасар басқа жоғарғы оқу орындарында оқыйды.

Бұл студенттер жазғы демалысқа келгендерінде, мен де осылар сыяқты Москвада оқысам деп арман етуші едім. Міне сол ойлаған мақсатым орындалды да. Быыл Октябрь ауданындағы Ленин орта мектебін бітіріп, Москваның Сталин атындағы Темір жол транспорты инженерлерін даярлайтын институтына оқуға түстім. Мақсатым орындалды. Келешекте сүйікті Отанымыздың игілігі үшін адал қызмет етіп, Отан алдындағы ардақты борышты аброймен ақтаймын.

Е. АҚБАСОВ.

Ағаш шебері

Булаев ауданының Сталин атындағы қолхозының мүшесі Иван Курашовтың ағаш шебері болып істегеніне 10 жылдан астам уақыт өтті. Ол өзінің міндетіне жауаптылықпен қарап, қолхозға қажетті құрал-саймандарды уақытында жөндеп отырады.

Қазіргі уақытта қолхозға жүк арбасы, жазік және басқа саймандар істеп, күнделік нормасын артығымен орындап отырады.

Ағаш шебері партияның XIX съезінің ашылу күнін еңбекте жаңа табыстармен қарсы алу үшін өзіне ұлғайтылған міндеттемелер алып, қажырлылықпен еңбек етуде.

М. ЗАҒЫПАРОВ.

қолхоздарын і Мәдени-үл Кононов жолды рылыстары», туралы», «Хал қол жеткен та дында тұрған деттер» және кетке астық

партияның XI және басқа де лармен әңгіме

ни бригаданы циков жолдас бригадамен к тізілетін жұм тарлылар мен жөнінде мақал басқа да мәде жауынгерлік вагоншаны бе тақталарын ж

Баяндамалар

Б
САУЫН

Жуырда қол лардың кеңесі шылар «Сүт және товарлы жақсарту» деген лады. Сауынш жаңа табыста шаралар белгі

ҚҰС

Қолхозшыла дету ісіне ере Құс шаруашы жоспарды ола Қысты күні қ шығын болуы жаңа құс қор

КОЛХОЗ

Саяси және қоғамының мү

Микробиологиялық соғысты анықтау жөніндегі ғылым комиссиясы аяқталуы

«Микробиологиялық соғысты анықтау жөніндегі ғылым комиссиясының жұмыстарымен та бойы сонда»

«Микробиологиялық соғысты анықтау жөніндегі ғылым комиссиясының жұмыстарымен та бойы сонда»

«Микробиологиялық соғысты анықтау жөніндегі ғылым комиссиясының жұмыстарымен та бойы сонда»

«Микробиологиялық соғысты анықтау жөніндегі ғылым комиссиясының жұмыстарымен та бойы сонда»

«Микробиологиялық соғысты анықтау жөніндегі ғылым комиссиясының жұмыстарымен та бойы сонда»

«Микробиологиялық соғысты анықтау жөніндегі ғылым комиссиясының жұмыстарымен та бойы сонда»

«Микробиологиялық соғысты анықтау жөніндегі ғылым комиссиясының жұмыстарымен та бойы сонда»

«Микробиологиялық соғысты анықтау жөніндегі ғылым комиссиясының жұмыстарымен та бойы сонда»

«Микробиологиялық соғысты анықтау жөніндегі ғылым комиссиясының жұмыстарымен та бойы сонда»

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 15 сентябрь. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасының Халық армиясының Бас командованиясы бүгін Халық армиясының бөлімдері қытай халық еріктілері отрядтарымен бірге майдандардың жекелеген участкаларында жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізуде болды деп хабарлады.

Халық армиясының зенит бөлімдері, қытай еріктілері және жау самолеттерін аңдып атқыштар дұшпанның үш самолетін атып түсірді. Кеше өткен түні «В-29» 10 американ бомбардировщиктері Пхеньянның төңірегіндегі деревняларды екі сағат бойына бомбалады.

ТЫНЫҚ МҰХИТ ЖӘНЕ АЗИЯ ЕЛДЕРІ БЕЙБІТШІЛІК ЖАҚТАУШЫЛАРЫНЫҢ КОНГРЕСІ АЛДЫНДА

ПЕКИН, 15 сентябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің хабарына қарағанда, кеше мыңға жуық Пекин жұмысшылары Тынық мұхит және Азия елдері бейбітшілік жақтаушыларының конгресіне келетін делегаттар үшін әдейі әзірленген архитектура ның жаңа үлгісімен салынған 8 қабат үйдің құрылысының аяқталуын мерекеледі. Бұл «Бейбітшілік сарайы» жеті ағашның ішінде салынды бітті. Бұл үйдің ішінде 200-ден астам бөлме, кең асхана және үлкен қонақ үйлер бар.

БЕЛЬГИЯДА ЖАППАЙ ХАЛЫҚ ДЕМОНСТРАЦИЯСЫ

БРЮССЕЛЬ, 15 сентябрь. (СОТА). Кеше Брюссельде соғыс қылмыстарына кешірім беріп, оларды тұтқыннан босатуға қарсы наразылық білдірген үлкен демонстрация болды. Демонстрацияға бірнеше онмыңдаған адамдар қатысты. Қарсылық білдіру қозғалысына бұрынғы қатысушылар ұйымының мүшелері, бұрынғы саяси тұтқындар болғандар мен соғыс мүгедектерінің және басқалардың мүшелері

Азия мен Тынық мұхит елдеріндегі бейбітшілікті жақтаушылардың алдағы конгресі қарсаңында

ПЕКИН, 13 сентябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі кеше Азия мен Тынық мұхит елдеріндегі бейбітшілікті жақтаушылар конгресінің әзірлік комитеті секретарының мәжілісі болды деп хабарлады. Мәжіліске әзірлік комитетінің секретарлары мен мүшелері, сонымен қатар секретариаттың қытайлық және шетелдік қызметкерлері қатысқан. Мәжіліске бейбітшілік жолындағы күрескерлер өз елдеріндегі конгреске әзірлік туралы және бейбітшілікті қорғау қозғалысы туралы мәлімдеме жасаған.

Әзірлік комитетіне түскен мәліметтерге қарағанда, Азия мен Тынық мұхит елдері делегаттарының көпшілігі Пекинге келе жатыр немесе ең таяу уақыттың ішінде санарға шықпақ.

ПЕКИН, 14 сентябрь. (СОТА). Қытай Халық Республикасының жұртшылығы Азия мен Тынық мұхит елдеріндегі бейбітшілікті жақтаушылардың алдағы болатын конгресіне зор көңіл бөлуде. Газеттер мен журналдар бұл оқыйға арнап бірсыпыра көрнекті қоғам қайраткерлерінің жазушылардың, еңбек озаттарының мақалаларын басуда.

«Шичэечжиши» журналының кезекті номерінде бүкілқытайлық сауда-өнеркәсіп ассоциациясының әзірлік комитеті председателінің орынбасары Шан Тай-хуаның мақаласын жариялаған. Бұл мақала бейбітшілік туралы мәселе жер бетіндегі барлық халықтар үшін ең маңызды мәселе болып табылатындығы айтылған.

Будан кейін Қытайда болған өзгерістерге тоқтай келіп, Шан-тай хуа жаңа Қытайдың Қызыр Шығыстағы және бүкіл

дүние жүзіндегі бейбітшілікті қорғап отырған нағыз қуатты күш болып табылатынын атап көрсеткен. Қытайдың экономика мен мәдениетті өркендету саласында жеткен орасан зор табыстары Азияның барлық елдерінің халықтарына бейбітшілік пен бостандық жолындағы күреске жігерлендіруде.

Бүкілқытайлық сауда-өнеркәсіп ассоциациясы әзірлік комитетінің мүшесі Юй Хуан-чен «Азия мен Тынық мұхит елдеріндегі бейбітшілікті жақтаушылар конгресінің шақырылуын құттықтаймыз!» деген мақаласында американдық империализм Азия мен Тынық мұхит елдеріндегі халықтардың қас жауы болып табылады деп жазады.

«Женьминьжибао» газетінде Қытай жазушысы Мао Дунның «Халықтардың соғысқа қарсы батыл күресі ғана бейбітшілікті қамтамасыз етеді» деген мақаласы жарияланды. Мао Дун мынаны атап көрсеткен: халықаралық жағдайдың шиеленісуі Жапония мен Батыс Германияны жанталаса қаруландырып, Кореяда агрессиялық соғыс жүргізіп жатқан американдық империалистерінің агрессиялық әрекеттерінен туып отыр. Бірақ, деп көрсеткен Мао Дун, американдық империализмнің агрессиясына қарсы тығыз бірігетін болсақ, соғыстың жалынын сөндіруге болады. Екі қолды қусырып тек қарап отырумен бейбітшілік күтуге болмайды, деп көрсеткен мақаланың авторы. Миллиондаған адамдардың бірлігі ғана, олардың белсенді күресі ғана бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтап қала алады.

БЕЙБІТШІЛІК ЖАҚТАУШЫЛАРДЫҢ БҮКІЛДИНИЯЛЫҚ ҮШІНШІ СЪЕЗД ЖҰМЫСЫНЫҢ АЯҚТАЛУЫ

ДЖУЛЛУНДУР, 15 сентябрь. (СОТА). Кеше Джуллундурда бейбітшілікті жақтаушылардың Бүкілдияналық үшінші съезі

алдындағы қылмыс» деп атайды. Қарарда «Кореяда соғыс қылмыстарын онан әрі соза беруде халықаралық бейбітшілікке

ШАНХАЙ, 14 сентябрь. (СОТА). Вьетнамның информациялық агенттігі солтүстік Вьетнамнан мынадай хабар берді:

«Азия мен Тынық мұхит елдеріндегі бейбітшілікті жақтаушылар конгресіне сайланған Вьетнам халық делегациясы лигасының орынбасары, сонымен қатар, Вьетнамда жүргізіліп жатқан осы конгреске әзірлікті басқарушы Ксюан Туй баспасөз өкілдеріне жасаған мәлімдемесінде былай деді: «Вьетнам халқы тәуелсіздік, бостандық пен бейбітшілік жолында күресуде. Міне, сондықтан ол Азия мен Тынық мұхит елдеріндегі бейбітшілікті жақтаушылар конгресінің шақырылуына қызу құттықтайды.

Вьетнам еңбек партиясының (Ляо-Донг) басшылығымен бүкіл Вьетнам халқы Вьетнам үкіметі мен Ляо-Вьет майданын алға қойған міндеттерді орындау үшін күресуде және Азия мен Тынық мұхит елдеріндегі бейбітшілікті жақтаушылардың конгресін қолдауда.

Вьетнамның әйелдері мен жастары да, Вьетнам шаруалары да зор белсенділік көрсетуде. Бейбітшілікті жақтаушылар конгресіне әзірліктің Вьетнам комитетіне елдің барлық жерінен конгресті қолдайтынын және Вьетнамның конгреске сайланған халық делегациясын құттықтайтынын білдіріп көптеген хаттар мен хабарлар күн сайын келуде. Оккупацияланған аудандардағы Вьетнам балалары мен әйелдерінен жүрек тебрентетін көптеген хаттар түсті.

Көптеген соғыс тұтқындары мен Вьетнам халқы жағына қашып шыққан шетел солдаттары да бейбітшілікті жақтаушылар конгресін қолдаған және француз экспедициялық корпусын елден әкетіп, Вьетнамда бейбітшіліктің қалпына келтірілуін талап еткен қарарлар қабылдады. Мұнымен қатар, август революциясының көзекті жылдығын және Вьетнам тәуел-

сіздігінің күнін мерекелеуге байланысты өткізілген жыйналыстарда халықтың барлық топтарының делегаттары да Азия мен Тынық мұхит елдеріндегі бейбітшілікті жақтаушылардың конгресін қолдайтынын білдірді. Осы жыйналыстардың бәрінде де Вьетнам халқы дүние жүзінің достас халықтарымен өзінің бір тілекке екенін бірауыздан білдірді».

Азия мен Тынық мұхит елдеріндегі бейбітшілікті жақтаушылар конгресіне сайланған Вьетнам халық делегациясы туралы айта келіп, Ксюан Туй бұл делегация халықтың әртүрлі тобы өкілдерінен, соның ішінде армияның батырлары мен еңбек ерлерінен, жастардың, әйелдердің, мәдениет қайраткерлері мен священниктердің өкілдерінен құрылғанын мәлімдеді.

Конгрес қандай мәселелерге ерекше көңіл бөледі және Вьетнамға, Лаосқа және Камбоджаға байланысты мәселелер конгресте қандай орын алады деген сұраққа Ксюан Туй былай деп жауап берді: «Конгрес бұл мәселелердің бәрине де бірдей көңіл бөледі деп сенеді. Ал, Азия мен Тынық мұхит аудандарын алатын болсақ, мұнда мынадай мәселелер ерекше көңіл бөлуді керек етеді:

1. Барлық шетел әскерлерін Кореядан әкету шартымен корей мәселесін әділетті және ақылға сыйымды негізгі бейбітшілікпен шешу; американдық империалистеріне Кореядағы уақытша бітім туралы бейбіт келіссөздерді кешегідей кешегідей қарсы, бактериологиялық қаруды және жашай қырғынға ұшырататын қарудың басқа да түрлерін пайдалануына қарсы наразылық білдіру.

2. Жапонияны тәуелсіз, демократиялық және бейбітшілік сүйгіш мемлекетке айналдыру мақсатымен Потсдам және Ялта декларацияларының негізінде жапониямен бітім договорын жасау; американдық импе-

риалистері мен олардың малайларының Жапониямен сепараттық бітім договорына қол қоюларына қарсы, Жапонияны Азия мен Тынық мұхиттағы елдерге қарсы агрессияның басты базасына айналдыру мақсатын көздеген Жапонияны қайта қаруландыруға және жапон милитаризмін қайта жандандыруға қарсы наразылық білдіру.

3. Оңтүстік -Шығыс Азияда агрессиялық соғыстар мен империалистердің тіміскілеген әрекеттерін тезінен тоқтату, Вьетнам, Лаос, Амбоджа, Малайя, Филиппин және басқа елдердің халықтарының тәуелсіздігі мен бостандығын толық қалпына келтіру, басқа елдердің соғыс, саяси немесе экономика салаларындағы іске, ішкі істеріне империалистердің қандай да болса қол сұғуына қарсы наразылық білдіру».

Вьетнамға, Лаосқа және Камбоджаға байланысы бар мәселелерге келетін болсақ, деді бұдан кейін Ксюан Туй, біздің халқымыз мынадай позицияны бұлжытпай ұстайды.

1. Францияның отаршыл әскерлері Вьетнамнан, Лаостан және Камбоджадан тезінен әкетілуге тиіс.

2. Американдық империалистері, сонымен қатар, қандай да болса басқа империалистер Вьетнам, Лаос және Камбоджа халықтарының ішкі істеріне қол сұғуға тиіс.

3. Бұл елдердің шын мәнісінде тәуелсіздігі болуға тиіс.

Егер француз агрессорлары Вьетнамда қасарысып отыра беретін болса, егер американдық интервенттері француз отаршылдарына көмектес беретін болса, деді бұдан әрі Ксюан Туй, олардың талқандалып, толық құйрейтінде күмән жоқ, неге десейіз Вьетнам халқы ұзақ уақыт бойы және табандылықпен қарсылық көрсетуге ұйғарып отыр, неге десейіз бізді бейбітшілік пен демократияның күштері қолдан отыр.

ген хабарына қарағанда, АҚШ-тың мемлекеттік департаментінің екі өкілі—Кайр-дегі американдық елшілігінің Вашингтоннан келген атташелері Ликлэнд және Арниц 14 сентябрь күні Суданның «Аль-Ашига» партиясының председателі Исмаил эль-Азхариге араластырып үш мемлекеттің—Американың, Швецияның және Швейцарияның бақылауымен Суданның статусы жөнінде халықтың пікірін білуді жүргізуге келісімін беруге бұйырған. Исмаил эль-Азхариге Америка Құрама Штатын бейтарап мемлекет деп есептемейтіндігінен бұл ұсынысты қабылдамаған.

ФРАНЦИЯДА АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫНЫҢ ӨСУІ

ПАРИЖ, 14 сентябрь. (СОТА). 31 августа азық-түліктің бағасын бұрынғы қалпында сақтауға Пинэй үкіметінің берген уәдесіне қарамастан, Францияда азық-түлік бағалары күннен-күнге қымбаттауда. Аптасына бір рет шығатын ресми санақ бюллетені осы жылы, 30 августан 6 сентябрьге дейін бірнеше азық-түлік бағасының өзгергендігі туралы мәліметтер жариялады.

ЖАПОН ХАЛҚЫ ЖАЛДАМАЛЫ АМЕРИКАН АРМИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫНА ҚАҒСЫ

ПЕКИН, 15 сентябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі былай деп хабарлайды: Жапонияның «Секай жейва» газетінің хабарына қарағанда, толық емес мәліметтер бойынша осы жылы 15 августқа дейін соғыс қызметіне қарсы наразылық білдіру петициясына Жапонияда 1 миллион 700 мыңнан астам адам қол қойған.

Ұтыс тираж		
Ұтыстар		
Серия №№	Облигация №№	Ұтыс мөлшері сом сессімен
020042	44*	1.000
020112	1—50	500
020394	38*)	10.000
020682	41*)	1.000
020898	28*)	1.000
021076	08*)	1.000
021090	48*)	1.000
021381	1—50	200
021412	34*)	10.000
021418	25*)	1.000
021529	1—50	500
021651	37*)	1.000
021753	18*)	5.000
022428	1—50	500
022459	1—50	200
022568	1—50	500
022577	1—50	500
022715	13*)	1.000
022730	1—50	200
023031	1—50	200
023114	29*)	5.000
023267	50*)	1.000
023299	06*)	1.000
023358	46*)	1.000
023523	09*)	1.000
023535	1—50	200
023768	1—50	200
023814	1—50	200
023883	44*)	5.000
023902	16*)	1.000
024118	09*)	1.000
024214	28*)	1.000
024227	1—50	200
024378	12*)	1.000
024441	44*)	1.000
024532	35*)	1.000
024598	49*)	1.000
024614	30*)	1.000
024724	18*)	1.000
024787	17*)	1.000
024831	1—50	200
024942	36*)	1.000
030216	15*)	1.000

*) Осы серия

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакторлар партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілме